

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы N 1251 және 2001 жылғы 21 маусымдағы N 846 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 8 қараша N 1421. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1349 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1349 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Бюджетке акциздердің толық түсуін қамтамасыз ету және акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің заңсыз өндірісі мен айналымын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мына шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым маркаларымен таңбалаудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы N 1251 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 42, 386-күжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым маркаларымен таңбалаудың тәртібінде:

2-тармақтың үшінші абзацындағы "(отандық өндірістің темекі бұйымдары: филтрсіз сигареттер мен папиростарды қоспағанда)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

9 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "жұмсақ қораптағы" деген сөздер "сүзгілі сигареттің жұмсақ қорабындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада "қайырма қақпақты қораптағы" деген сөздер "сүзгілі сигареттің қайырма қақпақты қорабындағы" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) сүзгісіз сигарет қорабында акциздік алым маркасы қораптың сол және оң шетінен бірдей аралықта артқы бетінде тігінен орналасады әрі қорапты ашар ж е р д і б а с ы п ө т е д і ;

4) папирос қорабындағы мәтін немесе үстіңгі бетін жабатын акциз алымының маркасындағы сурет қораптың алдыңғы бетінің бағытына бағдарлануы тиіс және орталықта (оң және сол шетінен, алдыңғы және артқы қабырғалардан бірдей а р а л ы қ т а ) о р н а л а с у ы т и і с .";

*Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.08. N 792 қаулысымен .*

2. Осы қаулы 2002 жылғы 1 мамырдан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*